

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**

**« Қазақ тілі » пәні бойынша  
қорытынды бақылау бағдарламасы  
код К(R)Үа , ID 83719**

**«6B05405 - Қолданбалы математика», «6B07111 - Ғарыштық техника және технологиялар»,  
«6B07110 - Робототехникалық жүйелер», «6B06105 - Математикалық және компьютерлік  
модельдеу», «6B05404 - Есептеу ғылымдары және статистика», «6B05403 – Механика»,  
«6B05402 – Математика», «6B05401 - Ақтуарлық математика» (2-курс), «6B11301-Логистика»  
(1-курс)**

**білім беру бағдарламасы  
бакалавриат**

**Курс – 1  
Семестр – 2  
Кредит саны – 5**

## 1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Пәннің мақсаты:** Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыруды, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыру.

### Күтілетін оқыту нәтижелері:

1. Қарым-қатынаста кез келген тақырыпта еркін сөйлеп және сауатты жазып, ойын дәлелді айтып, талқыға түсіп, күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгерту пікірлесе білуге, түйінді ой айта білуге қабілетті болады;
2. Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;
3. Әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға, өзіндік ой-қорытынды жасауға;
4. Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін, ақпараттық талдау, сараптамалық мақала түрлерін жазуға;
5. Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;
6. Интернет-ресурстар арқылы берілген кез келген ақпараттарды, сұхбаттасушының, пікір білдірушінің сөздерін тыңдап, негізгі тақырыпты анықтауға, автордың ойын түсінуге, өз ойын еркін жеткізуге, айғақтар мен мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.

### Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:

1. Қазақстанның табиғат байлығы
2. Шартты мәнді құрылымдар
3. Бағалы металдар мен асыл тастар
4. Мақсат мәнді құрылымдар
5. Қазақстан демографиясы
6. Қарсылықты мәнді құрылымдар
7. Экология – ел тағдыры
8. Салыстырмалы мәнді құрылымдар
9. Ұлт болашағы – ұрпақ денсаулығы
10. Себеп-салдар мәнді құрылымдар
11. Ұлттық дәстүр – ұлттық рухтың тайқазаны.
12. Көп мағыналы сөздер
13. Ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлері
14. Кірме сөздер
15. Наурыз – ұлыстың ұлы күні
16. Тұрақты сөз тіркесі
17. Қазақтың ұлттық тағамдары
18. Мақал-мәтелдер
19. Қазақ халқының ұлттық киімдері
20. Бөгде сөз және оның түрлері
21. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі
22. Кәсіби лексика
23. Қазақстан экономикасы
24. Термин сөздер



25. Жеке кәсіпкерлік
26. Стилистика және сөйлеу мәдениеті
27. Су қоры – біздің байлығымыз
28. Әдеби тілдің қызметі
29. Каспий тағдыры – әлем тағдыры
30. Әдеби тілдің стильдік тармақтары

#### Әдебиет:

##### Негізгі:

1. Ш.А. Рамазанова. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 221 б.
2. Н.Ж. Егізбаева, Ш.А. Рамазанова. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 225 б.
3. Күзекова З. Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы. Тілді оқытып, үйретудің базалық, ортаңғы, ортадан жоғары, жоғары деңгейіне арналған оқу құралы. (A2, B1, B2, C1) / – Астана: 2019. – 175 бет.
4. Ш.Қ. Құрманбаева, М.К. Ахметова, М.М. Мұқаметқали Қ. Қазақ тілі: Жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2018. –357 бет.
5. Б. Қапалбеков, С. Құлманов, Г. Қалиақпарова. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2010.

##### Қосымша:

1. Салқынбай А., Егізбаева Н., Жұмағұлова А., Иманқұлова С., Рысбай Б. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей (B2.1) Оқу құралы.2018.

**Интернет-ресурстар:** kaz-tili.kz, til.gov.kz., qazaqtili.el.kz, sozdik.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz, qujat.kz.

## 2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ ЖАЗБАША OFFLINE

**2.1. Емтихан формасы:** стандартты жазбаша (оффлайн). **Платформа:** Univer АЖ

**2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты:** пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша түрде нақты жеткізе білу, өз көзқарасын дәйекті түрде дәлелдеу.

**2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқытуу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:

**1-ші сұрақ:** 1-критерий. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы.

2-критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіруі және растауы.

**2-ші сұрақ:** 3-критерий. Тандалған әдістеме мен технологияны практикалық тапсырмаларда қолдануы.

4-критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешуі және мәнін ашу қабілеті.

**3-ші сұрақ:** 5-критерий. Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау жасау қабілеті.

6-критерий. Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.

**2.4. Емтихан өткізу рәсімі.**

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Білім алушының орнына бөгде адам жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Емтиханға кешігіп келуге жол берілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінезқұлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы: 1) емтихан жұмыстарын жинайды; 2) әр жұмыста жауап парақтарындағы жұмыстарды жазудың аяқталу белгісі - X әрпін қояды; 3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды деканат маманына ұсыну кешіктірілген жағдайда кінәлі



адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасымен бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Қағидаларды қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жойылуға шағымдануға және апелляцияға жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

### **3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ**



**ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ**

Пән: \_\_\_\_\_ Форма: Жазбаша офлайн. Платформа: Univer АЖ

		<b>ДЕСКРИПТОРЛАР</b>				
№	Балл	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
					90-100 %	70-89 %
1-сұрақ	<b>Критерий 1.</b>	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
	Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы	"Өте жақсы" деген баға сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен ойдың егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтардан құрастырылған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	"Жақсы" деген баға сұрақтың барынша толық, бірақ терең емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жауаптары үшін қойылады, негізгі ережелерді үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді.	"Қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылған мәселелерді дұрыс ашаған, қате дәлелдер, фактілік және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасағаны үшін қойылады.	"Қанағаттанарлықсыз" баға сонымен қатар негізгі ұғымдарды, теорияларды білмегені үшін; қорытынды бақылау ережелерін қорытынды жасағаны үшін қойылады.
2-сұрақ	<b>Критерий 2</b>	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
	Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіру және растау.	Жауап мысалдармен суреттелген; сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Жауап нақты мысалдармен толық расталмаған. Кейбір дәлсіздіктер бар.	Студент теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардан алынған мысалдарымен дәйектемейді.	Оқу курсының негізгі түсініктері қате түсіндіріледі.	Студент курстың негізгі теориялық ережелерін мысалдармен растамайды.
2-сұрақ	<b>Критерий 3.</b>	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
	Таңдалған әдістеме мен технологияны	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жазбаша жауап беру,	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектіліктің бұза отырымы, нақты	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды



жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану	курстың практикалық мәселелерін шешу.	шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелсіз жауап беру; курс бойынша ғылыми стиль нормаларын сауатсыз пайдалану.	және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.
<i>Критерий 4.</i> Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешу және мәнін ашу	Ғылыми ұғымдар қойылған тапсырманы шешуде еркін қолданылады, негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде түсіндіреді.	Студенттің білімі бейімделген; жауаптар жеткіліксіз құрылымдалған, жауапта жетекші сұрақтың арқасында өздігінен түзете алатын фактілік қателер бар.	Ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Студент материалды толық игерген жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
<b>3 - сұрақ</b> <i>Критерий 5.</i> Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеменің технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми стиль нормаларын сақтау, Материалды ұсынуда тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға қойылған сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.
<i>Критерий 6.</i> Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, соның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен алынған мысалдармен көрнектеледі.	Емтихан билегі мәселесі бойынша өз тәжірибесінен алынған нәтижені негіздей отырып, қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің және бағыттардың 3-4 ережелерін кейбір дәлсіздіктермен талдау	Проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауап беру кезінде қиындық туындайды.	Мысал келтіру кезінде курста оқылған әдістерді қолдану қабілетінің болмауы. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.



Балл	Өте жақсы 90-100 %	Жақсы 70-89 %	Қанағаттанарлық 50-69 %	Қанағаттанарлықсыз	
				25-49 %	0-24 %
<b>Критерий</b>					
Критерий 1	100				
Критерий 2		75			
Критерий 3			60		
Критерий 4				45	
Критерий 5	100				
Критерий 6				49	
<b>Итоговий %</b>	<b>200</b>	<b>75</b>	<b>60</b>	<b>94</b>	<b>200+75+60+94 = 429</b> <b>429 / 6 критерий = 71,5</b> <b>Қорытынды балл (%)</b> <b>= 72</b>

Есептеу кезінде алынған пайыздық көрсеткішке сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. Қорытынды 72 балл, 70 баллдан 89 баллға дейінгі аралықта тұрған соң, бұл бағалау шкаласына сәйкес "Жақсы" санатына сәйкес келеді. Осылайша, емтихан білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыра отырып есепке алудың балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 баллға, яғни "жақсы" деп бағаланады.



Декан \_\_\_\_\_ Б.У. Джолдасбекова

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Ә. Ж. Амиров

Дәріскер \_\_\_\_\_ Ж.А. Сәрсенбай